

БІЛІМ САЛАСЫНА – ЕРЕКШЕ НАЗАР

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және «100 нақты қадам – Ұлт жоспары» білім беру жүйесіне жаңа міндеттер жүктейді. 12 жылдық білім беруге көшу – мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарының бірі.

Білім мазмұнын жаңартуға бағытталған «Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім берудің жаңа стандарты» – білім саласына елеулі өзгерістер әкелетін және білім берудің сапалық деңгейін көтеретін негізгі құжат. Егемен еліміздің өскелең ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді интеллектуалдық деңгейі биік, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – басты міндет болып табылады. Осы мақсатта сапалы білім мен тәрбие беруде Маңғыстау облысында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2015 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, 12 жылдық және үш тілде білім беру, дуальді оқыту, колледждерде алғашқы жұмысшы кәсібін тегін алу, колледждер мен жоғары оқу орындарының мемлекеттік аттестаттаудан тәуелсіз аккредиттеуге өтуі орындалуда.



Бүгінгі таңда облыс бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары – 245 (мемлекеттігі – 169, жекеменшік – 76), жалпы орта білім беретін мектептер – 145 (мемлекеттігі – 141, жекеменшік – 4), оның ішінде 133-і күндізгі мектеп, 7 – кешкі мектеп, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары – 26 (мемлекеттігі – 15, жекеменшік – 11) қызмет етеді.

Білім беру саласында басқарушылық құзыреттілікті дамыту мақсатында 26 білім басқармасының, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің мамандары, мектеп директорлары, директор орынбасарлары облыс әкімдігінің қолдауымен «Білім берудегі менеджмент» мамандығы бойынша Алматы

менеджмент университетінің магистратурасында білім алуда.

Облыстағы білім саласының бюджет жүйесі 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 9,6% өсті және 47,3 млрд. теңгені құрады.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі екені баршамызға мәлім. Сондықтан бүгін мектепке дейінгі ұйымдардың желісін келтіру, балабақшаларды көптеп ашу, оны басқаруда жаңашылдықпен, тың көзқарастармен еңбек етуге бағыт

– бағдар алу – кезек күттірмейтін мәселе.

Облысымызда бүгінгі таңда 245 мектепке дейінгі білім беру ұйымында 32556 бала тәрбиеленуде. 2015 жылмен салыстырғанда соңғы 5 айда 12 бірлікке, 1080 балаға артты.

2016 жылы 855 орындық 15 мектепке дейінгі ұйым ашылды, оның 1 шағын орталық-50 орындық, 14 жекеменшік ДДҰ – 805 орындық.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісінің көбеюіне қарамастан балабақшаға орын тапшылығы әлі де сақталып келеді. Бұл мектепке дейінгі жүйесінде өзекті мәселелердің бірі.

Облысымызда кезекте тұрған бала саны 1 жастан 6 жасқа дейінгі 33214 бала болса, 3 жастан 6 жасқа дейінгі 4717 бала кезекте тұр. Кезек санының ең көп деңгейі Ақтау қаласында (13402 бала), Жаңаөзен қаласында (7630 бала) және Мұнайлы ауданында (4934 бала) байқалады.

Өлкемізде жаңадан мектептер салынып, апаттық жағдайдағы мектептер мәселесі толықтай

шешіліп, үш ауысымды мектептер саны азайды. 2015-2016 оқу жылында Қарақия ауданында апатты жағдайдағы 2 мектептің (Құланды орта мектебі, №5 орта мектеп) құрылысы аяқталып, іске қосылды.

Сонымен қатар, Жаңаөзен қаласынан мамандандырылған Қазақ-түрік мектеп-интернаты және Ақтау қаласынан жаратылыстану бағытындағы республикалық «Назарбаев Зияткерлік Мектебі» ашылды. 2015-2016 оқу жылының қараша айында Республикалық бюджет есебінен Мұнайлы ауданы Атамекен селосында 1200 орындық №12 орта мектеп құрылысы аяқталып, іске қосылды.

Биылғы жылы мектеп бітіруші түлектер саны – 4440 (2015 жылы 4418)

Жолға қойылған жұмыстарының нәтижесі бойынша 2016 жылы ҰБТ-де 111 үміткерден өз білімдерін дәлелдеп 77 «Алтын белгі» ие

болды. 122 түлек үздік аттестатпен бітірді. (2015 жылы 78 үміткердің 46-ы иегер атанды)

ҰБТ қорытындысы бойынша облыс көрсеткіші 3 баллға артты (2016 ж. – 78,5; 2015 ж. – 75,75)

2016 жылғы республикалық пәндік олимпиадада 64 қатысушының 24-і жүлделі орындарға ие болды (2015 ж. 68-ң 28-і; 2014 ж. – 64-ң 24-і).

Облыс командасы гуманитарлық бағытта «Үздік команда-2016» атағына ие болды.

Республикалық ғылыми жобалар сайысында 2016 жылы 38 қатысушының 20-сы жүлделі орындарды иеленді (2015 ж. 65-тен 40-ы; 2014 ж. – 68 –ден 38-і).

Сондай-ақ, 2016 жылы 55 оқушы халықаралық ғылыми жобалар конкурстарына қатысып, 35-і жүлдегер атанды немесе 63,7% (2015 ж. – 61-ң 26-сы немесе 42,7%; 2014 ж.-72-ң 33 немесе 45,8%).

«Үш тілде білім беруді дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Жол картасы» жасақталды.





Облыс бойынша 15 мектеп пилоттық жобаға енгізіліп, жоғары сыныптарда жаратылыстану пәндерінің терминдерін ағылшын тілінде үйрету басталды. 2016 жылы олардың саны 23-ке жетті.

«Назарбаев Зияткерлік мектебінің» «Робототехника» элективті курсының бағдарламасын білім беру ұйымдарының оқу процесіне енгізуді жүзеге асыру мақсатында «Маңғыстау облысының білім басқармасының балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі іс-шара жоспары» бекітілді.

Қазіргі таңда облыс бойынша 15 жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарына «Робототехниканы» енгізу бағытында жұмыстар жүргізілуде. Осы мақсатта облыстың 5-7 сыныптарға сабақ беретін облыстың 114 информатика пәнінің мұғалімі Назарбаев зияткерлік мектебінің базасында «Робототехниканы» балаларға үйрету әдістемесі бойынша қысқа мерзімді курстан өтті.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында соңғы үш жылда тұрақты 26 мекеме жұмыс жасайды. Оның ішінде: 15-і мемлекеттік колледж; Ағымдағы жылы оқу орны 2 бірлікке көбейді. (көпсалалы «Келешек» колледжі, Түпқараған ауданындағы Түпқараған гуманитарлық колледжі) Білім алушы контингент саны – 23314, соның ішінде мемлекеттік колледжде 13850 адам. Колледждерде 2016 жылы 85 мамандық, 135 біліктілік бойынша білім берілуде. 2015-2016 оқу жылында қабылдау 6954 адамды құрады.

«Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім» жобасына сәйкес жұмыстар жүргізу мақсаты қаралуда. Қазіргі таңда жұмыстар 4 колледжде (бұрынғы лицей) 7 жұмысшы мамандығы бойынша 270 студент қамтылған. 2016-2017 оқу жылына жұмысшы мамандығына 32 мамандық бойынша 1495 орынға тапсырыс берілді. Жал-

пы мемлекеттік тапсырыс саны 4085 орын жоспарлануда.

2016-2017 оқу жылындағы мемлекеттік тапсырыстың 36,6% жұмысшы мамандығын құрайды деп күтілуде

Мемлекеттік бағдарламаны орындау аясында 2020 жылға дейін мамандарды даярлау сапасын растайтын, яғни аккредиттеу рәсімінен өткен мемлекеттік колледждер үлесі артуы тиіс. Осыған байланысты колледждерде дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Институционалдық аккредиттеуден облыстағы 3 колледж өтті. Олар Каспий өңірі «Болашақ» колледжі (16.04.2014ж), Маңғыстау политехникалық колледжі (27.12.2014 ж), О. Тұрмағанбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжі (30.12.2015ж).

2020 жылға дейін қаражаты жергілікті бюджеттен және ТЖКБ өз қаражаты есебінен аккредиттеуден кезең-кезеңмен өту жұмыстары жасақталды. Аккредиттеуден өту дайындығы бойынша білім басқармасы тарапынан колледждерге зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Колледждерге облыстық білім басқармасымен кәсіби бейіндеу (профилизация) жүргізіліп, базалық мамандықтар анықталды.

Мәселен, О.Тұрмағанбетұлы атындағы Мұнай және газ колледжі және Маңғыстау политехникалық колледжінің жетекші сапасы – Мұнай және газ, химия өндірісі, Маңғыстау энергетикалық колледжі – энергетика саласы, Маңғыстау туризм колледжі – туризм саласы және т.б. Әрине, оған көшу кезең-кезеңмен жүзеге асуда.

Жұмысшы мамандығының

2016-2017 оқу жылынан бастап Маңғыстау энергетикалық, политехникалық, туризм, Каракия кәсіптік, Жаңаөзен политехникалық колледждерінде ресурстық орталықтар ашу жоспарланып отыр.

танымдылығын және қоғамдағы беделін арттыру, өндіріс орындарындағы жас мамандардың, мектеп оқушыларының, студенттердің, ата-аналардың, бизнес өкілдерінің техникалық және кәсіби мамандықтарға қызығушылығын арттыру, мектеп оқушыларына

техникалық мамандықтарды таңдауына бағдар беру бағытында Маңғыстау облысында техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының арасында кәсіби конкурстар, олимпиадалар, студенттік форум, көрмелер, ашық есік күндері, кәсіпкерлер Палатасымен бірлесе отырып өндіріс орындарына саяхат ұйымдастырылып отырылады. Солардың бірі – «WorldSkills Aktau» кәсіптік шеберліктің өңірлік чемпионаты. Бұл сайысты өткізудегі мақсат – жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға бағытталған шараны өткізу арқылы халықаралық қозғалысқа интеграциялануға мүмкіндік жасау, яғни халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу.

Ол 2016 жылдың 24-ші және 26-шы ақпан аралығында 18-22 жас аралығындағы студенттер, колледж бітірген түлектер, жас жұмысшылар мен мамандар арасында 14 құзіреттілік бойынша өтті.

Белоруссия мемлекетінде өтетін халықаралық конкурсқа Маңғыстау туризм колледжі «Тамақтандыру» мамандығы бойынша қатысты.

ТЖКБ бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы қазіргі таңда үлкен мәселенің бірі болып отыр. 2015 жылы бітіруші түлек саны 5302 адам оның ішінде мемлекеттік тапсырыс – 3403 адам, жұмысқа орналасқаны – 3017 адам (57%) өзін-өзі қамтумен қосқанда 79,2%.

2016 жылы 4313 түлек бітіреді деп күтілуде, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша - 2545 адам.

**Зейнеп ТАСТЕМИРОВА,
Маңғыстау облысының білім басқармасының бастығы**

АННОТАЦИЯ ○

В статье руководитель управления образования Мангистауской области Зейнеп Тастемирова рассказывает о проделанной работе в сфере образования в области за прошлый год. По словам автора, в регионе развитию образования и выполнению задач, поставленных Главой государства, уделяется особое внимание.